

Социалистік Қазақстан 1970 ж.

1. Ауыл мектебінің мұқтажы (Потребности сельской школы), 29 января

**СОЦИАЛИСТИК
ҚАЗАҚСТАН**

ТАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОМУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАН

№ 23 (13471) БИРСЕНБІ, 29 ЯНВАРЬ, 1970 ЖЫЛ. Бағасы 2 ти

Ауыл мектебінің мұқтажы

Мен мектепке жаңа келген адам едім. Класстарды аралап көріп, мұғалімдермен әңгімелескенімде, мектеп өміріне көңілім толмады. Класс жетіспейді. Небәрі бес-ақ бөлме екен.

— Мектеп қыста суық болады. Әлі-ақ көресіз, үйренерсіз. Бул сөзді мен мұғалімдерден, ауыл адамдарынан, келген бетте естіген едім. Шынында солай болды. Өткен қыста керген қиыншылығымызды айтып жеткізу қиын. Пешке қанша от жаққанмен мектеп іші қақпа тұрады. «Қаракемер» совхозы 1963 жылы ұйымдастырылыпты. Жұмысшылардың болмағандықтан совхоз басшылары амалсыздықтан күйінен жатақханаға арналып салынған үйді мектепке берген. Сөйтіп, сегіз жылдық орысша, қазақша мектеп ашылып, содан бері совхоз жұмысшыларының балалары жатақханада оқып келеді. Мектепте 235 оқушы бар. 20 мұғалім жұмыс істейді. Екі сменда оқытамыз. Бір партаға үштен отырады. Оқу кабинеттері, спорт залы деген атымен жоқ.

Совхоз директоры Ю. И. Зудин жолдасқа бірнеше рет барып жағдайымызды айттық. Бірақ мектеп мәселесін шешу, совхоз директорының қолынан келетін емес.

— Мектеп салу үшін қаражат жоқ. Жоғары орындардың алдына мәселе қою керек. Орта жұмысшылар да тұрақтанмайды, — дейді совхоз директоры.

Шынында директордың айтқаны дұрыс. Бұған Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі құлақ асар деген үмітіміз бар.

Мектебіміздегі ең келелі жайдың бірі — кадр мәселесі. Жоғары класстарға математика, орыс тілі, шет тілі пәндерінен орта білімді мұғалімдер сабақ береді. Бір «Қаракемер» сегіз жылдық мектебінде ғана емес, көптеген мектептерде жағдай осындай. Біздің мектептің бастауыш орыс класстарына 10-классты бітірген қыз балалар сабақ береді. Мұндай мұғалімдерден жұмысты талап ету өте қиын. Өйткені олардың өздері педагогиканы, сабақ оқыту методикасын жете білмейді. Біз мектеп басшылары аудандық, облыстық оқу бөлімдерінен жоғары дәрежелі, арнаулы орта білімді мұғалім сұрап, жылма-жыл табақ-табақ қағаз жазамыз, бірақ, амал қанша, тілегіміз орындалмайды.

Оның себебі, институтты бітіріп шыққан жас мамандар қалада, одан қала берсе аудан орталығында қалады. Ары кеткенде орта мектептерге барады. Ал 8 жылдық мектептер елеусіз, ескерусіз қалып қояды.

Жасыратыны жоқ сентябрь айында мектеп оқушылары қант қызылшасын жинауға қатыстырылады. Мектептерде осындай себептермен бірнеше күн сабақ өтпейді де, оқушылардың программалық материалды меңгеруіне көп қиындық туғызады.

Міне, осы сияқты мәселелер теңірегінде жауапты орындар ойланса жәрар еді.

Ө. ЖҰМАҚАНОВ,
«Қаракемер» сегіз жылдық мектебінің директоры,
Талдықорған облысы,
Ақсу ауданы.

2. Теміртауда бір үй бар (В Темиртау есть один дом), 6 февраля



6 ФЕВРАЛЬ, 1970 ЖЫЛ. ★ № 30 (13478)

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

БАЛА ТӘРБИЕСІ—БАРШАНЫҢ

ТЕМІРТАУДА БІР ҮЙ БАР

Мен Теміртаудың аудандық милициясының балалар бөлмесінде отырмын. Үш бөлмелі пәтерге орналасқан екен. Столдар үсті тола ойыншық, сәредерге, қызықты кітаптар қойылған.

Есік ашылды да, үрпек бес баланы желкелеп, ішке ашулы әйел кірді. Аға нұсқаушы, милицияның кіші лейтенанты Валентина Ивановна Чеснакова мен нұсқаушы Валентина Александровна Волкова істің мәнісін анықтады. Бала жолдас-тарымен бірігіп құлышты сындырып үй астына түспек болыпты. Ол жылап тұрып: «Жолдасымың аты — Пончик. Ол маған: — «Есікті ашайық» деп. Мен: «Керегі не онда не бітіреміз, ұстап алса, ұят болады ғой» деп едім, ол: — «Көне, ашайық!» деп. Аштық. Мен жалғыз өзім не істеймін оған, ол менен гөрі күштірек».

Бір қараған кісіге онша бүлініп қалған ештеңе жоқ сияқты. Бірақ Валентина Ивановна мен Валентина Александровна мұндай әуесқойлықтың неге апарып соқтыратынын жақсы біледі. Мұның соңы қылмыс, тұрме. Екеуі қосылып балаға жанашыр ананың сөзін айтты. Мұндайда жекуден гөрі

балала жылы сөзбен ақыл айту көп әсерлі деп түсінеді олар.

Валентина Ивановна Чеснакованың бұл балалар үйінде аға нұсқаушы болып істей бастағанына екі жылдан асты. Бірақ тәжірибесіз де емес. Біраз жылдар балалар үйінде қоғамдық негізде жұмыс істеді. Егер ата-ана бала тәрбиесін сәл босаңсытып алса, жас еспірімнің көше тентектерінің жегегіне еріп кетуі қиын нәрсе емес.

«Коксохиммонтаж» басқармасының жұмысшысы, үш сәбидің анасы Кокшарова ері қылмыс жасап, сотталып кеткеннен кейін, ішкілікке бой алдырды. Балалары үнемі бақылаусыз қалып жүрді. Үй-ішінің бар шаруасы жеті жасар қаршайдай Любаға қарап қалды. Ақыры семья жағдайы нақын сырға шауып бара жатқан соң, іске милицияның балалар бөлмесінің қоғамдық советі араласты. Шырқы бұзылған семьяны қарт пенсионерлер Серафима Яковлевна Васильева мен Гедвиг Карловна Доберенц өз қамқорлықтарына алды. Қазір семья жағдайы жақсара бастаған. Кокшарованың бір қызы екінші класта оқиды, оқу озағы. Қалған балалары түгелдей балалар бақшасында.

Теміртаудағы бұл балалар бөлмесі 1958 жылдың екінші февралінен қоғамдық негізде жұмыс істей бастады. Қарағанды металлургиялық заводы партия ұйымының көмегімен мұғалімдер мен жұмысшылардан, үй шаруасындағы әйелдерден актив құрылды. Қазір бұл қоғамдық советтің 41 мүшесі бар. Жас еспірімдермен тәрбие жұмысына жұмысшылар өкілдері көбірек тартылады. Ал қыста балалар бөлмесінде мектеп комсомолдері кезекшілік етеді.

Қаланың шығыс жақ ауданында оң бір мектеп бар. Осыған орай қоғамдық советтің құрамына ата-аналар комитетінен өкілдер кіргізілді. Сондай-ақ, комсомолдер жасақшылар, қалалық Советтің депутаттары балалар бөлмесінің ең жақын жанашырлары. Қарағанды қаласының Ленин аудандық милиция бөлімі балалар бөлмесінің үлгісі бойынша мұнда ата-ана бедөлінің соты құрылды. Бұл қоғамдық соттың мүшелері облыстық комсомол комитетінің көмегімен іріктеліп алынды.

Балалар бөлмесі жұмысының басты әдісі — «Қиын» балалардың ісін тұратын жерінде немесе ата-анасының жұмыс істейтін жерінде көпшілік талқысына салу. Ал мұндайда қоғамдық пікірге құлақ аспайтын жан жоқ.

Үш балалы Жихованова деген әйел арақ ішіп, от басында үнемі ұрыс шығартын болды. Үлкен ұлы үйден кетіп қалатынды шығарды. Жұртшылық дер кезінде дабыл қақты. Жихованованың мәселесі балалар үйі қоғамдық Советінің арнаулы мәжілісінде қаралды, жеке әңгімелер өткізілді. Бірақ бұл әңгімелерден Жихованова қорытынды шығармады. Ақыры оның тұратын жерінде жолдастық соттың көпшелі мәжілісі өткізілді. Бұл мәжіліске бес жүзге тарта адам қатысты. Міне, қоғамдық пікірдің күші тап осы жерде көрінді. Көршілері теріс жолға түскен әйелдің айыбын бетіне басып, қатты айтты, ашына айтты. Қатесін түсінген, балалары алдындағы міндетін ұққан Жихованова бұл масқарадан енді бойын аулақ салуға уәде берді.

Балалар бөлмесінің қызметкерлері кез-келген істі қоғамдық сотқа ұсына бермейді. Валентина Ивановна мен Валентина Александровна және олардың маңына топтасқан көмекшілері ата-аналарға мүмкіндігінше өздері ықпал етпек болады. Өздері қамқорлыққа алған семьялар мен балалар тұраты әңгімелерін естігенде, осы бір жап-жас екі әйелдің адамдар жүрегіне жол табу-

дағы жапа шеберлікпен қайран қаласыз. Валентина Александровна ойда жоқта бір семьямен танысты. Бір үйді тегінен барған екен. Есік ашылды, кішкене баланы денесі жетектеп келе жатқан саяндау әйелге жолықты. Әлгі әйелмен танысып, үйіне кіреді. Біраз сөйлескен соң бала сурет альбомын әкеп көрсетті. Суреттері әжептәуір. Бұл баланы көркем студиясына апаруға ақ. Валентина Александровна сол күні баланың атын мен ұзақ сөйлесті. Ақшуды тыйып, ұлының ретшілік өнерін дамытып баса көңіл бөлуі қажетті түсіндірді. Өзінен көмек болса да дайын екенін айтты. Екі әйел екі тұл тапты.

Айта берсек, балалар бөлмесі қызметкерлерінің сияқты атқарып отырған ісі көп. Олардың жұмысындағы алға қойған негізгі принциптері — адамға сенім мен достық қамқорлық. Бұл жұмыста екі Валентинаға қоғамдық балалар, партия, совет қызметкерлері құрметті демалыстағы пенсионерлер көмек көрсетеді. Ұрысқа қолға алса ғана негізгі болатынын жұртшы осылар төңірегіннен көреді.

Т. СОКОЛОВ
Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің

3. Мектеп пен семья (Школа и семья), 10 февраля



СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАНЫ

СЕЙСЕНБІ, 10 ФЕВРАЛЬ, 1970 ЖЫЛ. Баспас 2 тин.

№ 33 (13481).

М Е К Т Е П п е н С Е М Ъ Я

БАЛАЛАР — өмір туыл бiздiң бөлшегiмiз. Демек, оларды Отанымыздың сiнiлi азаматы етiп тәрбиелеу — баршамыздың өзi кiсiлерiмiз.

Партиямыздың XXIII съезi қоғамымыздың қазiргi даму кезеңiнде тұрғын негiзгi мiндеттерi коммунизмдiң материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистiк өлеуметтiк қатынастарды қалыптастырумен қатар, коммунистiк қоғамның жаңа адамды тәрбиелеу болып отырғанын атап көрсеттi.

КПСС Орталық Комитетi мен ССР Министрлер Советiнiң «Жалпы бiлiм беретiн орта мектептердiң жұмысында одан әрi жақсарту шаралары туралы» қаулысын шығқанын берi жас өспiрiмдерге бiлiм, тәрбие беру iсi сапалық жағынан жаңа сағатқа көтерiлiп келедi.

Қазiр республикамызда мыңдаған мұғалiмдер жас балаларға бiлiм берудiң Олардың шiнiнде халық ағарту саласында қыруар тәжiрiбе жинақтаған, талай абзал адамдар бар. Егер мұндай оқаттардың есiмдерiн келтiрер болсақ, ұзақ бiлiм болар едi. Бірақ осы орайда Алматыдағы № 4 мектеп-интернаттың мұғалiмi, Социалистiк Етiм, Ерi Рафиқа Нұртазинаның, Солтүстiк Қазақстан облысы, Ленин ауданындағы мұғалiм, Боршiн Саянұлының, Семей облысындағы Қазақ ССР-нiң еңбек сiңiрген мектеп мұғалiмi О. Жартабаевтың есiмдерiн атау артық болмайды.

Бiздiң семьяларымыздың мәдени дәрежесi қазiргi кезде өлшеусiз өсiп отыр. Мұндай семьяларға қойылатын талап та жоғары болып келедi. Ал мұғалiмдерiмiздiң бiлiм дәрежесi ше? Республикамыз мектептерiнде бала тәрбиеленiп жүрген ұстаздардың жоғары бiлiмi жоғын өте сирек кездестiреміз. Олай болса ата-аналардың оларға арқа сүйеуi, балаларының талдырай сөйiп тапсыруы — өбден орынды. Әрине, бұдан әрбiр ата-ана жас өспiрiм тәрбиесiн басы бүтiн мектепте деген ұғым тұмасқа керек. Семьяның жөнi бiр басқа. Жас адамның өмiр, дүниесi таным, көзқарасы, жақсы өдет, бiлiмi, мiнезi бәр-бәрi ең алдымен семьяда қалыптасадy. Бірақ мектеп табалдырығын аттасымен-ақ оның ой-өрiсiне мықты өзгерiс енгiзетiн, қуатты күш — бiлiм тәрбиесi әсер ете бастайды. Осы қалыптасу кезеңiнде мектеп пен семья берiк бiрлiкке жұмыс iстеулерi керек. Егер бұрын оқушы мектепте уақытының төрттен бiрiн ғана өткiзедi десек, қазiр мектеп өмiрiне ұзартылған программа бойынша оқыту өнiп отыр. Демек, ендiгi жерде семья және мектеп педагогикасы бiр-бiрiне бұрынғыдан да етене жақындай түседi.

Жаңа программа, әрине бiрiншi класс оқушысына оңай соқпайды. Бұл ретте мектепте алған бiлiмiн то-

лықтары, нақтылай түсуге ата-аналар көмектесуi керек.

Бiрақ оқу жылынан бастап республикамыздың көптеп мектептерiнде бастығын немесе мұғалiмдерi және программа бойынша жұмыс iстеуде, Әсіресе өткен оқу жылында бiрiншi кластарға ерекше назар аударылды. Жаңа программа бойынша оқытудың негiзгi мақсаты — баланың ой-өрiсiн дамытудың оқ нәтижесi, ең жердi жолдарын табу. Бұл сонымен бiрге мұғалiмдерден де үнеми iзденудi, бiлiмiн үндiксiз толықтыруды талап етедi.

Үлкендi - кiшiлi елдi мекендердегi мектеп коллективтерi күн сайын ата-аналарға келiсiмдер берiп, күрделi тәрбиелiк мәнi бар мәселелердi шешуге көмек көрсетiп отырғаны абзал. Яғни мұғалiмдер ата-аналармен жиi-жиi жүздесiп отыруды өлшеу айналырулары керек.

Жасырағыны жоқ, кейбiр ата-аналар жұмысбастылықты сылтау етiп, бала тәрбиесiне жете көңiл аудармайды. Оқушы-оқынды мектепке барып, оның қалай оқып жүргенi бiлiп тұрудың өзi оқушыға өте қажет екенiн естен шығаралы.

Сонғы кездерi iрi-iрi көпiпорындардың, заводтардың, фабрикалардың жаңанып шығуы және мектепке көмек көрсету Советтерi құрылып жаттыр. Бұл өзiн-өзi ақпайтын iшi тәжiрiбе.

Жас өспiрiмдi тәрбиелеуде ата-аналар жиналысы да үлкен роль атқаралды. Ол мұғалiмнің педагогика бiлiмiн, насихаттайтын трибунасы болуға тиiс. Мұнда сабақты үлгермейтiн оқушыға қалай көмектесу де, кiтап оқуға қалай машықтандыру да, каникул күндерiн қалай тиiмдi пайдалану да сөз болуы керек.

Алдағы жаңа оқу жылында мектеп табалдырығын атауға тиiс бүлдiрiшiндердiң ата-аналары да қазiрдiң өзiнде мұғалiмдер коллективiнiң көмегiне зәру болып отыр. Осыған орай март, апрель айларында мектептерде болып бiрiншi класс оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткiзiлдi ойластырған да маңызды жаңа программа-лыстарда жаңа программаның мiндеттерi мен мақсаттары жан-жақты түсiндiрiлiп, балаларды оқуға қайткен күнде жақсы дайындаумен қабiлдену мәселесi егжей-тегжейлi сөз болғаны абзал.

Жайқалған көктем гүлiндей жарқын болашақтың құрылысшылары өсiп келедi. Бiздiң бәрiмiз де олардың жан-жақты бiлiмдi, жоғары сапалы, еңбек сүйгiш, өз Отанының шын мәнiндегi патриоты болып өсуiн қалаймыз. Олай болса бала тәрбиесi баршамыз iсi екенiн естен шығаруға өсте де болмайды.

4. Анаға құрмет (Почет матери), 13 февраль



Социалистік ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОМУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРТАЛЫҚ

№ 36 (19484). ЖҰМА, 13 ФЕВРАЛЬ, 1970 ЖЫЛ. Бағасы 2 тиын.

ҚЫЗЫЛОРДА Анаға құрмет

Салтанатты жиынның төрінде үш әйел отыр. Олардың атына айтылған жылы лебізде есеп жоқ. Сәрсенкүл Әбдіхасқованың өмір жолы — өнегелі жол. Тұжырымдап айтсақ, ол колхозды да, ферманы да басқарды. Ауылдық Советке председател болды. Қазір совхоздың айтулы бақташысы. Бибіәлі Әжентаева болса механизаторлықты да, диқандықты да атқарған. Соңғы жылдары шопандық кәсіппен айналысты. Бүгін отарын басқа біреуге тапсырып, осында келді. Ал Құлшара Ешпанова бұрынғы стахановшы, қазір коммунистік еңбектің екпіндісі. Мамандығы — сауыншылық.

Еңбек аяулы аналарды құрметке бөледі. Міне, совхоз коллективі, көршілес шаруашылықтардан келген еңбектес достар оларды құрметті демалысқа шығарып салу үшін жиналып отыр.

Еңбек иелеріне сый-сияпат көрсетілді. Пенсия кітапшасы құрметпен тапсырылды. Көркемөнерпаздар арнайы концерт қойып берді.

Үш ана былай деді:
— Біз қартайып келіп, жасарып шықтық.

Б. ӘБДІРАЗАҚОВ,
«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі.

Сырдария ауданы,
Аманкелді атындағы совхоз.

5. Мұғалім беделі (Репутация учителя), 22 февраль



СССР
ҚАЗАҚСТАН КОМУНИСТІК ПАРТИЯСЫ

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

**ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ**

**ҚАЗАҚСТАН КОМУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІң ОРҒАНЫ**

№ 44 (13492).

ЖЕКСЕНБІ, 22 ФЕВРАЛЬ, 1970 ЖЫЛ.

Бағасы 2 тиын.

МҰҒАЛІМ БЕДЕЛІ

С. Мотельнича (ҚааТАГ). 1 мақ.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС

Шәкірт қиям жаңадан бой көтерген көк шыбық секілді қалай иіседі солай қиямат. Сондықтан оның назік қиямат на қанат бітіріп, ой-армағын дүрмс қалыптастыру — мектеп ұстаздарының төл ісі. «Білу оңай, білгенді үйрету қиын» деген халық мәтелі осыдан шықса керек. Өйткені айтқан сөзі әсерді шығуы үшін ұстаздың өзінің де ақыл парасаты, білімі терең, шәкіртпен ая-болашағын сезімталдықпен аялай білетін жан сөзінің несі бағалыда ғана бұл мақсат орындалады.

Осы тұрғыдан алағанда, көбіне мектеп-интернат өмірінен жиі кездесіп қалып отыратын бір жағдай бар. Мысалы, мұғалім мен тәрбиеші — бір мақсатты адамдар. Екеуінің де көксейтіні — шәкірт болашағы, оқуды жақсы оқып, саналы азамат болуы. Бірақ мұғалім мен тәрбиеші келіспей қалатын сәттер де кездеседі. Атап айтқанда, мұғалім дайындығы нашар шәкірттің тоқсандық үлгілерінің екілікке бағаласа кейбір тәрбиешілер оған «Э-тік баға қоюды қымып сұрайды. Бірақ іс барысы осылай өтуімен ғана тынса жақсы ғой. Қайсібір тәрбиешілер «айтқаныма орындалады» деп мұғалімдермен ренжісуге дейін барады. Түрлі жиналыстарда «бәлен шәкірттің білімі екіге бағалануы мүмкін емес еді» дегендей сытауларымен пән мұғалімінің қойған бағасына сенімсіздік тудырады. Кей-кейде бұл сөзге мектеп басшылары құлақ асып «шындығында оған үштік баға қоя салуға болар еді-ау» деген сыңай байқатады. Мұның мәні мынада. Егер тәрбиесіндегі шәкірттер түгелдей үгерсе тәрбиешінің «бағасын» Ондайда бар жақсы атты тәрбиеші алады. Мектеп аудандық оқу бөлімі тәрбиешінен мақтау алады. Тоқсандық қорытынды бойынша үгірмеушілер саны аз болса, мектеп атна да жаман емес. Міне, осындай себептер кейде шәкірттің біліміне «екілік» баға қойған мұғалімнің жолына келсе — көлденеңдей шығады. Дұрыстап оқытпаған, түсіндірмеген, жеке шәкірттермен уақыт тауып жұмыс істемеген адам болып шығады. Ал мұндай «ақсымға» тәрбиешілер «ақ құлақтан тыншы құлақ» деп өз пәнінен үгірмеушілерді жасырып қалуға тырсады.

Осындай көзбояушылық оқу сапасының төмендеуіне әкеліп соғады. Ал солжылдақтыққа түскен мұғалім коллектив арасында беделінен оп-оңай айрылады. Шәкірттер оны келе-келе тыңдамайтын да болады.

Әрине, мұғалімге «шәкірт неге білмейді, оған неге үйретпейсің?» деп талап қою әбден дұрыс. Сол секілді, бағаны шәкірт білімінен асырып қояса неге тыйым салмасқа. Осы мәселені қатаң қадағалайтын болсақ, оқушылардың білімі нақты бағаланып, оның бойына ымырашылдықта төзбейтін үнемі шындық жағында тұратын адамгершілік қасиетін егер едік. Оның үстіне жұлнаға мұғалім қойған әр бағаның мемлекеттік мәні барын ескергеніміз жөн.

Сосын әрбір ұстаз оқу жұмысын мектеп-интернат тәрбиешісінің ыңғайына, ықпалына қарап емес, керісінше тәрбиеші өз ісін мұғалімнің тапсырмасына сай құруы керек. Ол, сондай-ақ, тәрбиеленушілердің жете ұқпаған, түсінбеген, сұрақта-

рың мектептен тыс жерде ұғандыруға, консультация беруге өзінің де даярлығы болуы керек. Ол үшін тәрбиеші көп ізденіп, оқуы керек. Сонда ғана тәрбие жұмысы оқу жұмысымен тығыз байланысты болып, тәрбиеші мен пән мұғалімдерінің қарым-қатынасы нығая түседі.

Ұстаз жастар арасында болып, олардың ішкі сезім дүниесіне үңіліп тіл тауып сөйлесе білетін бірден-бір жан. Кей келсе ол шәкірттерімен сырласа да білуге тиіс. Ұстаз шәкіртімен осылай достаса алғанда ғана өз мақсатына жетіп, тәрбиеге көнбейтін «қиын оқушыға» кезікпейді. Өйткені шәкірттің ұстаз алдындағы бұзықтық, дөрекілік мінезі көбіне оқытушысының ішкі сезім дүниесін түсінбеуінен туады.

Нағмыс дос — батыл сыншы. Нағмыс шын достық ақ ниеттілікпен, адалдықпен ұштаспақ. Дос сыншы — өтімді, кемшілікті түзейді. Бірақ достық деген ұғым ұстаздың шәкірт көңіліне қарап, оның жағымсыз мінездерін бүркемелеу немесе байқамағанын көрмей кету, кемшілігі болса жеңіл-желпі жаза қолдану керек деген мағынада емес. Ұстаз қашан да әділ, тура болғанда ғана өз шәкірттері алдында беделді.

Сабақ үстінде, жеке әңгіме, кеңес кезінде қоғамдық пайдалы еңбек уақытында ұстаз шәкіртті жан-жақты зерттеп, оның әрқайсысының мінез-құлқына қарай тәрбие амалдарын қолдана білгені жөн. Ұстаздың адам жанының зергері болуы бір күнде, бір айда немесе бір жылда қалыптаспайды. Ол көп ойлауды, көп күш жұмсауды керек етеді. Ол — ұзақ еңбектің жемісі.

Сол секілді шәкіртті өз қателесін, кемшілігін класс коллективі алдында мойындауға дағдыландырса, бұл да ізгі қасиеттердің бірі. Өз қатесін мойындау, түсіну — келешекте қателесуіне үлкен бірден-бір ағзы шарты. Алай шәкірттің өзін пайдалы екі жүзді болу, өзінің пайдасы үшін өтірік айту шәкірттің өсуіне келергі келтіреді. Сондықтан ұстаздың әрбір іскерімен көзімен қарауы ғана оқушының шыншылдығына, қарапайымдылығына, іскерлікке жетелейді.

Тағы бір ескеру керетін жәйт ұстаздың өз шәкірттерін алааламағаны абзал. Мынау жақсы оқиды, мынау нашар оқиды немесе мынау момын, мынау «адам болмайды» дегендей топқа бөлуге болмайды. Сондай-ақ тәртіп бұзған шәкірттің соңынан қалмай, «сен бұрын солай едің ғой» деп бетіне баса беру немесе іштей оны жек көру ұстазға жақсы әдет емес. Өйткені жоқты-барды жіпке тізе беру, біріншіден, шәкірттің ұстазға деген сүйіспеншілігі мен сенімін жойса, екіншіден, ұстаздың ұсақтығын, тайыздығын көрсетеді.

Баладың жүре, үйрене, оқи келе, тәрбиелене келе ақылды білімді, саналы тәртіпті парасат несі болып қалыптасатындығын естен шығармау керек. Осы мақсат жолында әрбір ұстаз Отанымыздың ертеңгі болашағы—жас жеткіншектерді тәрбиелеуде үкімет пен партияның сенімді қолқанағы, көмекшісі. Сондықтан да ұстаздан адам баласы бойындағы барлық жан сұлулығын меңгере білу талап етіледі.

С. КУЛӘШБЕКОВ,
мұғалім.

Жамбыл облысы,
Шу ауданы,
Шу мектеп-интернаты.

12.50
Мульти
лод
13.20
дығы
жас.
14.30
15.00
масы

6. Әр үйде қуаныш (В каждом доме – радость), 24 февраля




СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 45 (13493).
СЕЙСЕНБІ, 24 ФЕВРАЛЬ, 1970 ЖЫЛ.
Бағасы 2 тиын.



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ. Семнозер аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының тігіншісі Нина Юриева өндірістік жоспарын үнемі асыра орындауда. Суретте: тігінші Н. А. Юриева.
Суретті түсірген С. Әбілғазин.

ӘР ҮЙДЕ ҚУАНЫШ

Бір сәт өкпенге көз жүгіртсек, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету саласында әжептәуір жұмыстар атқарғанмызды байқаймыз. Бесжылдықтың төрт жылында тұрмыстық қызмет көлемі облыс бойынша екі еседен астам, ал ауылдық жерлерде 3,2 есе артыпты. Әсіресе бытырғы жылдың табыстары қуантады.

Облысымызда тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету жыл сайын қанатын кең жайып келеді. Ол бірге-бірге экономиканың тиімді бір саласына айналуға. Күн сайын 340-тан астам ателье, цех, шеберхана, қабылдау пункттері, уақытша пайдалануға бұйымдар беретін пункттер тұрғындарға қызмет көрсетеді. Қалада киім, аяқ киім тігіп, жөндейтін, өнімді химиялық жолмен бояйтын фабрикалар, тұрмыстық күрделі бұйымдарды жөндейтін завод, әр ауданда селолық тұрмыс комбинаттары жұмыс істейді.

Жұырда облыс еңбекшілері 1970 жылға социалистік міндеттеме қабылдады. Осыған орай тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің қызметкерлері де мерекелі жылда атқаратын жұмыстарының межесін белгіледі. Биыл тұрмыстық қызмет көлемі 750 мың сомға артап. Әсіресе тұрмыстық қызметтің артта қалып келген түрлеріне ерекше көңіл бөлінеді. Мысалға киімді химиялық жолмен тазарту және бояу 22 процент артады. Бұл үшін фабрикаларда жаңа өндірістік қуаттар іске қосылып, арнаулы автопункттер жұмыс істейтін болады. Тұрғын үйлерді жөндеу және салу 2,1 есе артады. Облыстық Совет атқару комитетінің шешімі бойынша құрылған құрылыс-жөндеу участогы енді ауылдық жерлерді де қамтитын болады.

Облыста тұрмыстық қызмет көрсету көлемінің өсуі, сөз жоқ, жаңа кәсіпорындар ашуды талап етеді. Үстіміздегі жылы Эмбі қаласы мен Комсомольск поселкесінде екі қабатты типтік тұрмыстық қызмет комбинаттары іске қосылады. Шаңқар қаласында салынып жатқан кір жуатын және химиялық жолмен өнім тазартатын кооперативтік үйдің құрылысы аяқталуы тиіс.

Мерекелі жылы атқарылатын жұмыстарымыздың көлемі осындай. Облыс тұрмыстық мекемелері қызметкерлерінің өз алдарына қойған басты мақсаты — тұрғындарға қалтқысыма қызмет көрсету. Біздің жұмысымыз аса ұқыптылықты, жоғары мәдениеттілікті талап етеді. Сондықтан да алдағы уақытта білімді кадрлар даярлау мәселесіне баса көңіл аударылады. Халық қызметшілерінің қатарына жастарды көптеп тарту көзделіп отыр.

И. ГОНЧАРОВ,
Ақтөбе облыстық халық қажетін өтеу басқармасының бас инженері.

тарлар
В. И. Ю
жыл
тулар
да. А.
XXIII
дың
соңғы
шімд
асыр
мала
тері
бұры
шың
Қ.
пін
ша
сам
көс
нін
Бү
Ал
қа
да
ту
н
д
т
с
I

7. Жарасқан семья (Хорошая семья), 1 марта



СОЦИАЛИСТИК КАЗАКСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРТАЛЫҚ

№ 50 (13498). ЖЕКСЕНБІ, 1 МАРТ 1970 ЖЫЛ. Бағасы 2 тиын

ЖАРАСҚАН СЕМЬЯ

И Я біз тұтас бір семьямыз. Олай дейтінім, мен қызмет атқаратын қысым цехының үшінші бригадасында ылғи қыз-келіншектер қызмет атқарамыз. Олар Л. Майжолова, М. Фролова, М. Шинкарева және И. Лавская. Бұлар кран машинистері. Бәріміз де бір семьяның адамдарындай пікірлесіп, ұйымшылдықпен еңбек етудеміз. Біздің міндетіміз — мартен цехынан ыстық күйінде өкелінетін салмағы 9 тоннадан 21 тоннаға дейінгі кесек металл құймаларын қыздыру ұяларына дәлдеп түсіру. Әрбір ұяға жүзден жүз алпыс тоннаға дейін құйма түсіріледі.

Бригада мүшелерінің бәрі де цех іске қосылған күннен бастап жұмыс істейді. Коллектив нормасын үнемі артығымен орындап, цех бойынша озат бригада аталуда.

Мен Л. Майжоловамен бірге Қазақстан Магнитасына Череповец металлургия заводынан келдім. Ал Фролова мен Шинкарева Орынбор облысындағы Орск-Халилов металлургия комбинатынан келген болатын. Цехта жұмысты жақсы орындауымыздың нәтижесінде тұрмысымыз да күннен күнге жақсара түседі де, шат көңілде тұрамыз.

Жақында металлургия өнеркәсіп қызметкерлерінің кәсіподағы Кеңес Одағы облыстық комитетінің мүшесі болып сайландым. Мұның өзі еңбек жолдастарым алдында еңбектегі нәтижесімді талап етеді.

Достығы жарасқан біздің бригаданың мүшелері де лениндік бағытта тұрып, өнімді әрі сапалы еңбек етуге ұмтылады.

М. ТРОНЬ,
қысым цехындағы № 3 бригаданың тас түсірушісі

МАҚТАН ханымдер келуде. Мәселен...



Социалистік ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ЖЕКСЕНБІ, 8 МАРТ, 1970 ЖЫЛ.

Бағасы 2 тиын.

№ 56 (13504).

ДОКТОР



САХАРАНН аштық пен ауру жайлаған бір шақта Фатиханың анасы Жұмазия көкірек ауруынан көз жұмған екен. Одан соң бауыр адамның да көзін шөл қаптап, қасірет шеккен. Тіпті осы бір сәлде аурудан азап шекпеген пенде жоқ. Дала кең, табиғат пенде жоқ. Осымен бірге бір бай. Сонда, адамдар осы кейіпке қалай қарамақшы? Мәңгі арманымды? Оттең, өзі дәрігер болса, адам қабағына кірбек келтірмес-ақ еді.

Жастай ұлаған осы арман Фатихаға он төрттерінде-ақ оқу іздеуге ықпал етті. Ол сонау Бөкейден Алматыға келіп, қазақтың ең алғашқы көрнекті дәрігерлерінің бірі — Мәжит Шымбаловтың есігін қақты.

— Баалам, таалайың бар екен, дәрігерлік оқуға түс. Әзірше осы үйді мекеме ете тұр, — деп Алматыда ашылған фармацевтік курста қабылдады. Оны бітірген соң Фатиха Петропавлға барып, аптекада қызмет істеді.

— Арман тағы да алға жетеледі, — дейді Ф. Жұмағалиева өз өмірі жөнінде әңгіме еткенде. — Көп кешікпей Ташкенттегі медициналық институтқа барып түстім...

Соғыс жылдарында Ф. Жұмағалиева Гурьев облысының Мақат ауданында аудандық аурухананың бастығы болып істейді де, бір жылдан соң Гурьевтегі мұнайшылар ауруханасында бас дәрігер болып, соғыс жаралыларын емдейді. 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылғанынан кейін физиология институтының шақыруы бойынша осында келген Жұмағалиева республикадағы бай мүмкіндіктерге қарай дәрігерлік ғылым проблемаларымен айналысады. Сырқаттың сырны қанық дәрігер табиғатпен де таныстығын күшейте түсіп, Алаудың киік отынан емдігі жоғары дәрі жасайды.

Ұзақ жылдар бойына дәрігерлік жұмыс атқара жүріп, Ф. Жұмағалиева ғылыми творчестволық жазынан да табысқа жетті. Ол Орта Азия және Қазақстан әйелдері арасында фармакология жөнінде тұңғыш еңбек жазған, сол еңбегі үшін медицина ғылымының докторы атанған білігі ғалым.

Р. САРҒОЖИН.

Суретте: Фатиха ЖҰМАГАЛИЕВА.


ЦИФРЛАР

- Өндірісте жұмыс істейтін 9 миллион ағымшы әйел елдегі бүкіл жұмысшы күшінің 34 процентін құрай отыр. Алайда бұл әйелдердің оннан бір бөлігі ғана өз еңбегі үшін жалақыны ерлермен бірдей алады.
- Америка Құрама Штаттарында әйелдердің орта жалақы мөлшері ерлердің орта жалақысының 60 процентідей ғана.
- Капиталистік мемлекеттердің көбінде аналар мен балаларды қорғаудың жалпы мемлекеттік жүйесі құрылмаған.
- Америкалық 50 құрама штаттың небәрі 6 штатында ғана әйелдерге екі қабат кезінде заң бойынша 6—8 аптаға еңбектену тәртібі енгізілген.

ФАКТИЛЕР

- бек демеалсы беріледі, соның өзінде кәсіпорны қожасы өз әйелдің еңбегіне ештеңе күндеріне жалақы төлемейді және оның жұмыс орнының сақтауын қалауына кепілдік бермейді. Әйелдердің босану кезінде ауруханада 6 күн жатып шығуы үшін мұнда олардан 500—600 доллар ақым сұралады.
- Америкалық заң қызметкерлерінің небәрі 3 проценті ғана, инспекторлардың 1 проценті ғана — әйелдер.
- Америкалық 100 сенатордың арасында бір ғана әйел бар, ал өкілдер палатасының 43 мүшесінің небәрі 10-ы ғана — әйел. (Жаңалықтар баспасөз агенттігі).

9. Мерей (Юбилей), 8 марта



10. Аналарға награда (Матерям награда), 21 апреля



АНАЛАРҒА НАГРАДА

Республикамызда тұратын көп балады аналардың үлкен тобына СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен «Ардақты ана» құрметті атағы беріліп, «Ардақты ана» ордені және СССР Жоғарғы Советі Президиумының Грамоталары көса табыс етілді.

Ақтебе облысы, Мартөк ауданының Драгомировка селосындағы үй шаруасындағы әйел — Ақмамбетова Сәлимаға, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының Комсомол селосындағы үй шаруасындағы әйел — Рахымбаева Әзизаға, Гурьев облысы, Мақат ауданының Байшонас поселкесіндегі үй шаруасындағы әйел — Ермұқанова Ажарға, Жамбыл облысы, Свердлов ауданының «Кенес» колхозының колхозшысы — Болшабекова Әсемкүлге, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының Атасу поселкесіндегі үй шаруасындағы әйел — Тедебаева Бәтешке жоғары наградалар берілді.

Наградталғандардың ішінде сондай-ақ Қызылорда қаласындағы үй шаруасындағы әйел — Қаюпова Ақылтай, Көкшетау облысы, Щучье ауданының Сотникова селосындағы үй шаруасындағы әйел — Судник Вера Ивановна, Қостанай облысы, Ленин ауданының Қаратомар селосындағы үй шаруасындағы әйел Яценко Ольга Григорьевна, Павлодар облысы, Лебяжі ауданындағы үй шаруасындағы әйел — Әйтимова Үміт және тағы басқалар бар.

Он бала тапқан және оны тәрбиелеп өсірген 142 анаға «Ардақты ана» құрметті атағы берілді.

11. Жас жұбайлар (Молодожены), 15 мая



сыз елде

ЖАС ЖҰБАЙЛАР

Жаңа дәстүр, жаңа салт тұр-
мысқа кеңінен еніп келеді.
Жақында аудандық ЗАГС бө-
лімінің меңгерушісі Р. Нұрбае-
ва бір топ жастарға неке куә-
лігін салтанатты жағдайда та-
быс етті. Олардың қатарында
балық консерві комбинатының
жұмысшысы Қ. Нұрғалиев пен
Ғ. Ғабдолова, автобазаның шо-
фері С. Баймағамбетов пен Б.
Мұқашева тағы басқалар бар.
Аудан бойынша соңғы үш ай-
да 48 жас семья құрды.

Ж. ҚАБЕКЕСОВ.
Балықшы ауданы.

13. Кадрлар бәрін де шешеді (Кадры решают всё), 30 июля



СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 174 (13622) БЕЙСЕНБІ, 30 ИЮЛЬ, 1970 ЖЫЛ. Бағасы 2 тиын.

КАДРЛАР БӘРІН ДЕ ШЕШЕДІ

КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы еліміздің ауыл шаруашылығында үлкен бетбұрыс жасайтын шешім қабылдады. Бұл документте: «Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын барынша нығайту негізінде ауыл шаруашылығын неғұрлым тез өркендету-тауды кезеңдегі басты және бірінші кезекті міндеттердің бірі» делінген. Әрине, бұл проблеманың жүзеге асырылу жүгі негізінен ауыл шаруашылық кадрларына түседі. «Социалистік Қазақстанның» тілшісі Ғ. Қаллемов Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрінің орынбасары Ғабиден ҚҰРМАНОВ жолдасқа жолығып, ауыл шаруашылық оқу орындарына бынағы студент қабылдау жұмыстарындағы жаңалықтар жөнінде айтып беруді сұрады. Ғ. Құрманов жолдас мынаны айтты:

— Республика Ауыл шаруашылық министрігіне қарайтын техникумдардан өткен оқу жылында тағы да 5329 ауыл шаруашылығы маманы түрлі шаруашылықтарға жолдама алған еді. Бұл еліміздің ауыл шаруашылығына Қазақстан техникумдарынан 222 агроном, 760 зоотехник, 788 мал дәрігері, 1130 механик, 1025 бухгалтер қосылды деген сөз.

Ал министрлікке қарайтын 34 техникумға бынағы оқу жылында күндіз оқытатын бөліміне — 10770, сырттан оқытатын бөліміне 5940 студент қабылдау белгіленіп отыр. Оның ішінде был алғаш рет қабылдау емтиханы өткізілгені отырған үш оқу орны — Темір (Ақтөбе облысында), Ново-ишим (Целиноград облысы),

Солтүстік Қазақстан совхоз-техникумдары алты жүзден астам студент қабылдайды. Соң секілді бынағы қабылдаудағы тағы бір жаңалық 16 техникумның жанынан арнаулы бөлімдер ашылды. Бұларға тек ауыл шаруашылығының орта буындағы басшылары — бөлімше, ферма, участок меңгерушілері, бригадирлер қабылданады. Оқу мерзімі сегіз кластық білімі барлар үшін 3 жыл, ал орта білімділер екі жыл оқиды. Мұндағы мақсат — көп жылдан істеп келе жатқан практик кадрлардың теориялық білімін көтеру.

Партия, совет органдары қолдап отырған бұл бастаманың берері мол екендігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ шығар деп ойлаймыз.

Бынағы оқу жылында ауыл шаруашылық техникумдарына алынатын студенттер қатарына тікелей колхоз, совхоздардың жолдамасымен және орталықтардан алыс орналасқан шаруашылықтардан келгендерді көбірек іріктеу көзделіп отыр.



СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

ТАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАНЫ

№ 174 (13622) БИРСЕНБІ, 30 ИЮЛЬ, 1970 ЖЫЛ. Бағасы 2 тыңг.

Бүгін жоғары оқу орындарында

БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРЛЕР

Ұам Октябрьден кейінгі өсіп-өркендеу тарихының 30 жылдық бәлесіне шығар алдында республиканың бүгінгі бейнесіне көз тоқтатыңызшы. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының 30 жылдығы туралы» қаулысында: «Қазақстанның жоғары мектебі мен ғылым зор табысқа жетті. 43 жоғары және 187 арнаулы орта оқу орынында 405 мыңнан астам студент оқиды...» делінген.

Қазіргі кезде республика халық шаруашылығында 635 мыңнан астам жоғары және арнаулы орта білімі бар маман еңбек етеді. Бұл революцияға дейінгі бүкіл Россиядағыдан 3,3 еселей көп. Осылардың ішінде адам өмірінің сақшысы атанған дәрігерлер қаншама десеңізші.

Республиканың Гурьев, Қызылорда, Орал және Ақтөбе облысының еңбекшілерін жоғары білімді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету мақсатымен 1957 жылы Ақтөбе мемлекеттік медициналық институты ашылған болатын. Осы азған уақыт ішінде институт республикадағы медициналық қызметкерлердің қатарына бір жарым мыңнан аса маман қосып берген.

Партия мен үкіметтің еңбекшілерге медициналық қызметті жақсарту жолындағы күнделікті қамқорлығы біздің институттың оқу базасын кеңейтіп, болашақ дәрігерлердің жүйелі білім алуына кең жол ашуда. Қазір институтта 38 кафедра жұмыс істеп, студенттер медициналық, биологиялық, қорғаныс ғылымдардың әр саласынан білім алууда.

Был институтта тағы бір балалар дәрігерлерін даярлайтын факультет ашылды. Оның алғашқы курсына 100 студент қабылданды. Сөйтіп институт факультеттерінің күндізгі бөлімінде өндірістен қол үзпекті екі мыңнан аса студент оқитын болады.

Институт оқытушыларының білім дәрежесі де жылдан жылға өсіп, институтта ғылым кандидаттары мен докторлары көбеюде. Институт құралғаннан бергі уақытта, отыздан аса адам ғылым кандидаты дәрежесін алып, он екі адам докторлық диссертация қорғады. Олардың қатарында институт қабырғасынан білім алып шыққан Қ. Қасенов, В. Мақатов, Р. Қуандыбаева, О. Төребаевтарды атау біз үшін үлкен мақтанш. Ғалымдардың өндіріспен байланысы ығырайып, зерттеп жүрген ғылыми жұмыстарының зумағы артауда.


Ақтөбе — республика өнеркәсібінің ірі орталығы. Мұндағы хром қосындылары заводында еңбек етушілерге өндірістің аянымды процестеріне қарсы медициналық көмек көрсету мақсатымен институт ғылымдары бірсыпыра тақырыпты ғылыми зерттеу объектісіне айналдырды. Атап айтқанда, хромды және никельді өндірістерде аурудың алдын алу мәселелері және оның профилактикалық әдістері туралы қазір институт ғылымдары ғылыми зерттеу жүргізуде. Сонымен қатар институт кафедраларында жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстардың қатарында өкпе ауруы, рак брющулес сияқты аурулардың өлкелік патологиясы, Батыс Қазақстанда селюлық және өндіріс орталықтарында тамақтану жүйесіне байланысты еңбекшілердің денсаулығын сақтау, сумен қамтамасыз етудің гигиеналық мәселелері, сияқты, перспективалық зерттеу тақырыптары бар. Зерттеу тақырыптары бар. Зерттеу тақырыптары атап айтқанда, аурудың алдын алу мәселелеріне ерекше оқымып, Батыс Қазақстан жерінің алынған практикалық шараларды жұмысына негіз етеді.

Үстіміздегі жылы Қорғалм өзенінің асем жағасында институт студенттерінің емделу лагерінің комплексі құрылмасы басталамақ. Бұл студенттердің оқу процесін практикалық істермен жағастырады.

Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтының коллективі республика еңбекшілерінің денсаулығының сақшылары — жоғары мамандығы бар дәрігер даярлау мақсатында алдағы уақытта да жемісті еңбек ете бермек.

Т. ШОРМАНОВ,
медицина ғылымының докторы, Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтының ректоры.

15. Сәбилерге арналған салтанат (Церемония, посвященная новорожденным), 30 июль



16. Текелідегі балалар комбинаты (Детский комбинат в Текели), 1 сентября

ДАГЛИҚ БИДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БРИГІТІДЕР!

СССР СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАНЫ

№ 202 (13650). СЕПСЕНБІ, 1 СЕНТЯБРЬ, 1970 ЖЫЛ. Бағасы 2 тиын.



АЛДЫҚОРҒАН облысы. Текелідегі балалар комбинаты — облыстағы жақсы балалар мекемелерінің бірі. Онда кен-өнер мен энергетиктердің 200-ге тарта баласы тәрбиеленуіне қол жеткізілген. Комбинаттың үйі жақсы жабдықталған, оның бөлмелері мен залдары жарық әрі әсем. Жақында комбинат тәрбиеленушілері бір топ жас өспірімдерді бірінші класқа аттандырды. Суретте: тәрбиеші В. Савина балалар арасында. Суретті түсірген Ә. Ноғайбаев. (ҚазТАГ).

17. Алғашқы қоңырау (Первый звонок), 1 сентября



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ

Тіпші тілдескенде

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ

1 СЕНТЯБРЬ — оқу жылдың басы. Бұл күні мектептерде және орта арнаулы жоғары оқу орындарында алғашқы қоңырау соғылып, алғашқы сабақ, алғашқы лекция басталады. Әр жаңа оқу жылдың өзіндік ерекшелігі бар. Мұның бәрі өскелең өмір талабымен туатыны белгілі. Міне, осы арада «Социалистік Қазақстанның тіпшісі» **Ғ. Қалпақов** Қазақ

ССР Оқу министрі **К. АЙМАНОВ** пен Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі Жоғары оқу орындары басқармасы басшысының орынбасары, техника ғылымының кандидаты, доцент **М. П. ЗУБКА** жолымен, биылғы оқу жылы қалай басталғаны отырғаны туралы айтып беруді өтінді. Олар біздің тілшімізге былай деді:

К. АЙМАНОВ: міне, республиканың 10 мыңнан астам мектебінде бүгін қуанышты бір сәт басталады. Бүгін мектептерге келіп отырған үш миллион шәкірт пен 170 мың мұғалімнің қуанышында шек жоқ.

Бұл жаңа оқу жылына дейіндік көсеміміз **В. И. Ленин**нің туғанына 100 жыл толу мерекесін атап өту және Қазақ ССР мен Қазақстан Компартиясының 50 жылдығын мерекелеуге дейіндік жұмыстарымен ұштастырыла жүргізілген еді. Сондықтан да, республика

жұртшылығы мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіре түсу міндеттерін кең көлемде өрістетті. Мемлекеттің күрделі қаржысы есебінен үстіміздегі жылы 80,5 мың орындық мектеп үйлерін салу көзделген еді. Бүгін оның басымы көпшілігі естігін ашты. Бұл салада Шымкент, Семей, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарының жетістіктері көңіл толырады.

КПСС XXIII съезінің шешімдеріне сәйкес елімізде жастарға жаппай орта білім беру

деріне сәйкес, село мектептері бұрынғыдан да жақсарту тусу мақсатымен бірталай шаралар белгіленді. Оның ең бастылары село мектептерінің оқу-материалдық базасын тұрғын нығайту, оқу-тәрбие жұмысын жақсарту, жаппай білім беруді, политехникалық оқуды және еңбек тәрбиесін партия қойыл отырған міндеттерге сен жүргізу болып табылады.

Осы міндеттерге сәйкес әрбір селолық мектеп оқу-тәрбие жұмысын, педагогикалық процесті өзінкі өндірістік аймағының ерекшелігіне қарай, оның экономикасының, мәдениетінің мүддесіне қарай құру керек. Әрбір педагогикалық коллектив өз шәкірттерін село еңбеккерлерінің тамаша еңбегі дәстүрінде тәрбиелеуге, халық игілігі үшін еңбек

етуге құштарлық қасиетін ояту мақсатына күш салғы тиіс.

М. П. ЗУБКА: Бүгін Қазақстан жоғары оқу орындары ішінде бір педагогтық институт және бірі тігін, тұнғыш оқу жылын бастады. Ол — Қарағанды педагогтық және шыңғырту институты. Бұл оқу орны Қарағанды педагогтық институтының физкультура факультеті негізінде құрылды.

Институт биыл 75 студент қабылдады. Әзірге ол бір ғана мамандық — мектептерге дене шынықтыру пәнін жүргізетін мұғалімдер даярлайды. Ал оның болашағы зор болмақ.

Бұл күнде орта арнаулы және жоғары оқу орындарының соңғы курс студенттері аудиторияларда лекция тыңдап отырса, қалған төменгі курс студенттері оқу жылын еңбекпен қарсы алуға. Олар естықты дер кезінде ысыраласыз жинап алу үшін республикамыздың астықты облыстарына аттанды.

Осы арада былығы қабылдау жайында бірер сөз айта

кетейін. Бір — өткен қабылдау

сыноғына біздің сегіз институттың — **В. И. Ленин** атындағы Қазақ мемлекеттік политехникалық Алматы халық шаруашылығы, Павлодар индустриалды, Ескемен жол құрылысы, Қазақ химия-технология, Жамбыл Жаңа және тамақ өнеркәсіп технологиясы, Целиноград инженерлік құрылыс институттары жанынан ашылған даярлық бөліміне тыңдаушы болып қабылданған 800 жас қатысты. Мұның алғашқы нәтижесі жақсы. Сондықтан министрлік енді мұндай даярлық бөлімдерін кеңейтумен бірге оның тыңдаушылар санын үш мыңнан асыруды көздеп отыр. Сол секілді бұл бөлімдерге орталық жоғары оқу орындарына түсетін тілек білдірген 70 оқушы қабылданады.

Ал бүгін аудиторияда лекция тыңдап отырған жоғары оқу орнын бітірушілер мен оқуды өңбелеп ұштастырып жүрген студенттердің мақсат өткен істерінде табысты болуларын тілейміз.

18. Кітапхана – мәдени орталық (Библиотека – культурный центр), 16 сентября

**Социалистік
ҚАЗАҚСТАН**

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 214 (13662). СӘРСЕНБІ, 16 СЕНТЯБРЬ, 1970 ЖЫЛ. Бағасы 2

КІТАПХАНА — МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚ

Әр адамның нағыз отаншыл болып өсуі туған жерлі сүюден, өз өлкесінің тарихын, жетістіктерін түбегейлі танудан ғой. Осы орайда ағарту мекемелерінің, соның ішінде кітапхананың орны белек. Осы мәселені есте берік ұстай отырып, біз өз кітапханамызды үлкен мәдени орталыққа айналдыруға ұмтылып келеміз. Бұған бірнеше дәлел келтіре кетейін.

Бурабай — Қазақстандағы аса көрікті жер, ел мақтанышы. Сондықтан біз табиғаттың ғажайып көріністерін, әсем табиғатын бейнелейтін суреттерден «Сұлу Көкшетау» атты стенд жасалды. Онда суреттер ғана емес, Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасынан үзінділер де пайдаланды. «Көкшетау жазушыларының шығармалары» деген кітап көрмесі де осынау мақсатты көздеуден туған еді.

«Қазақстан және Ұлы Октябрь» аталатын кітап көрмесі сол отаншылдық рухын қалыптастыруға қызмет етеді. Ол көрме «Халық бостандығы үшін күрескендер», «Қазақстандықтар Отан үшін шайқаста», «Ленин және Октябрь», «Бүгінгі Қазақстан» деген тақырыпшаларға бөлінген. Кітапты осылай насихаттау нәтижесінде туған республикамыз туралы кітаптарды оқушылар саны едәуір артты.

Оқушылар өткен күн мен бүгінгіні ғана біліп қоймай, ертеңімізді де бағдарлай алатын болуы керек. Сондықтан біз «Алға, Қазақстан» деген тақырыппен стендтер ұйымдастырып, онда бесжылдық аяғында туған республикамыз жетер биікті бейнелейтін диаграммалар ілдік.

Сол сияқты туған өлке тарихына жазылған шығармалар бойынша оқушылар конференциясын өткізу дәстүрге айналып отыр.

«Қазақстандық Совет Одағының Батырлары» атты тақырыппен өткен конференцияда Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Сұлтан Баймағамбетов және басқа қаһармандар туралы кең сөз болды, әкелер мен ағалар ерлігі туралы өлеңдер оқылды. Кітаптарға шолу жасау да жақсы дәстүріміздің бірі деп ойлаймын. Бізде «Қазақстан азамат соғысы жылдарында», «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында», «Қазақстан коммунизм құру дәуірінде» деген шолулар тартымды өткізілді. Осынау істерге насихатшы, үгітші, саяси хабаршы Шақанов, Құсайынов, Мағзұмов, Кәрімов, Сүлейменов және басқалар белсене қатысады. Партия, комсомол ұйымдары әрқес ақылшы қамқор.

Жас азаматтарды тәрбиелеу ісіне біз осылай қолғабыс жасаудамыз.

Ләтипа ӘБУОВА,
«Жылымды» ауылдық кітапханасының меңгерушісі.

Көкшетау облысы,
Көкшетау ауданы,
«Бұлақ» совхозы.

19. Жас жұбайлар үшін (Для молодоженов), 22 октября



ЖАС ЖҰБАЙЛАР ҮШІН

АҚТӨБЕ. (Меншікті тілшімізден). Осындағы химиктердің Мәдениет сарайында мәдениет университеті ашылды. «Білім» қоғамының облыстық бөлімшесі ұйымдастырған бұл университеттің бірқатар сабағы үй шаруашылығы, семья-неке заңдары, мінез-құлық, мораль және әдет-ғұрып, адамгершілік қарым-қатынас мәселелеріне арналмақ. Сондай-ақ программада тыңдаушыларға тұрмыс және денсаулық, тазалық, семья мүшелерінің мәдени демалысы, үйдегі кітапхана, семья бюджеті, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты заң жолымен реттеу, тағы басқа жайларда лекциялар оқылып, әңгімелер өткізіліп, семинар сабақтары және сұрақ-жауап кештері арқылы түсінік берілетін болады.

20. Шаңырақ көтергеніне ширек ғасыр (Четверть века с постройки здания), 29 декабря



ШАҢЫРАҚ КӨТЕРГЕНІНЕ ШИРЕК ҒАСЫР

ТЫС
БАРЛАЙДЫ

арту

өзі құрметін керісімен өстебе рудалық өнділікті жос- тір ай 12

өндіріс- нен жос-

қозынның тап- ың бар- шықты, салыс- алын- ыртты, өнімі

і ма- шық



Училищеде шәкірттерге жүйелі білім беруде мол тәжірибесімен құрметке бөленген ұстаздар көп. Солардың бірі — талай жылдан бері слесарьлық мамандығынан сабақ беріп келе жатқан А. Сейфуллин (жоғарғы сурет). Ал оң жақтағы суретте: осы оқу орнының түлегі — С. Сәуіркенов шәкірттер мен тәжірибе сабағын өткізуде.

Жақында Зайсан қаласындағы № 19 селолық кәсіптік-техникалық училищенің шаңырақ көтергеніне ширек ғасыр толуын қала жұртшылығы атап өтті. Училищенің мамандар даярлау өмірімен танысқандардың көпшілігі «Ел игілігіне арнаған еңбектеріңіз үшін мыңда бір рақмет!» деп училище мұғалімдеріне өздерінің ізгі лебіздерін білдірді.

Десе дегендей еді. Өйткені Зайсан өңіріндегі маман жұмысшылардың көпшілігін осы училище даярлап шығарған десек те артық болмас еді. Бұл жылдар ішінде оқу орнында алты мыңдай жұмысшы оқып, өмірге жолдама алыпты. Олардың қатарында тракторист-машинистер, ағаш шеберлері, сылақшылар, шоферлер, бухгалтерлер, шопандар бар.

Бүгінде училищенің көптеген түлектері осында алған білімін іс жүзінде қолданып, халық шаруашылығының сан алуан саласын дамытуға лайықты үлес қосып жүр. Сол маман-

дар ішінен шебер ісімен көзге түскен «Кендірлі» совхозындағы трактор бригадасының бригадирі А. Тұржанов пен Зайсан автобазасының шофері Н. Кириловтар. Сондай-ақ «Зайсан» совхозының трактористтері Қ. Назарбаев пен Қ. Тиянақов, Мичурин атындағы совхоздың мехенизаторлары І. Омарбеков пен К. Рамаатов және басқа да көптеген маман жұмысшылар — училищенің мектеп етер түлектері.

Училищенің оқытушылар коллективі жас мамандарға коммунистік тәрбие беруде күрделі жұмыс атқарып келеді. Өндірістік оқу ісінің шеберлері атанған А. Сейфуллин, С. Жүдіков және С. Вовкогон сияқты оқытушылар — өз өріп- шылар арасында да оқу бөленген ұстаздар. Олар — жұмысшы табының лайықты із- басарларын даярлауға бар күш-жігері мен қабілетін жұмсап жүрген жандар.

Кәсіптік-техникалық учили-

щенің материалдық-оқу базасы бай. Сонымен бірге мұнда спорт секциялары, керемет өнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Қазақ ССР-інің 50 жылдығы құрметіне кәсіптік-техникалық училищелердің оқышылары арасында болған үшінші республикалық фестивалда зайсандықтардың домбыра оркестрі екінші орынға ие болды. Осындай талапты жастарға жүйелі білім, арнаулы мамандық бере білген оқу орнының болашағы бұдан да зор. Жаңа тоғызшы бесжылдықта училищенің 420 адамдық комплексі салынып, оқу шаруашылығы да кеңейтіле түседі.

Училищенің әр күні еңбекке, ізденіске, қуанышқа толы. Қазір мұнда үш жүзден астам оқушы даңқты жұмысшы табының қатарына қосылуға өзін- ленуде.

Ф. ТЫНЫБАЕВ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Зайсан қаласы.



яси хабаршылар мен үгітшілерге көмек